

"Бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) экономикалық сараптамасының қорытындысына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі міндетін

**Бюджеттік инвестициялық жобаның
(бағдарламаның) экономикалық
сараптамасының қорытындысына қойылатын
талаптар**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) экономикалық сараптамасының қорытындысына қойылатын талаптар (бұдан әрі - Талаптар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 150-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) экономикалық сараптамасы қорытындысының жалпы құрылымын және мазмұнына қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Экономикалық сараптама жобаның (бағдарламаның) техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі - ТЭН) әзірлеу шеңберінде жүргізілген талдауды бағалау және жобаны (бағдарламаны) іске асырудың орындылығын айқындау үшін жүргізіледі.

3. Осы Талаптар бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) ТЭН-ін әзірлеу шеңберінде жүргізілген оларды экономикалық талдауды кешенді бағалаудың міндетті нысаны болып табылады.

4. Экономикалық сараптаманың қорытындысы осы Талаптарға сәйкес үлгілік құрылым бойынша жасалады.

**2. Бюджеттік инвестициялық жобаның
(бағдарламаның) экономикалық сараптамасы
қорытындысының үлгілік құрылымы**

5. Инвестициялық жобаның (бағдарламаның) қысқаша сипаттамасы:

- жобаның (бағдарламаның) атауын;
- жобаға (бағдарламаға) өтінім берушіні;
- жобаның (бағдарламаның) мақсатын;
- жобаны (бағдарламаны) іске асыру мерзімін;
- жобаның (бағдарламаның) ауқымын (жобаның (бағдарламаның) қуатын);
- жобаның (бағдарламаның) жалпы құнын;
- жобаны (бағдарламаны) қаржыландыру көздері мен нысанын қамтуға тиіс.

6. Жоба (бағдарлама) жөніндегі құжаттама құрамын бағалау:
экономикалық сараптама жүргізген кезде назарға алынған құжаттарды;
ұсынылған құжаттардың құрамы мен мазмұнына байланысты ескертулерді
қ а м т у ғ а т и і с .

7. Жобаның (бағдарламаның) бюджеттік инвестициялар басымдықтарына
сәйкестігін, яғни тиісті бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар
жоспарының тармағын көрсете отырып, жобаның (бағдарламаның) Қазақстан
Республикасының (облыстың, қаланың) әлеуметтік-экономикалық дамуының
орта мерзімді жоспарында айқындалған бюджеттік инвестициялар
басымдықтарына, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламаларға
с ә й к е с т і г і н б а ғ а л а у .

8. Жобаны (бағдарламаны) коммерциялық бағалау:
өнімге (қызметтерге) сұранысты (оның үрдістерін) және оның бағаларын
талдауды (жобаны іске асыру нәтижесінде өндірілетін (көрсетілетін) өнімнің (
қызметтердің) түрлерін, көлемі мен бағаларын, бәсекелестердің бағаларын
к ө р с е т е о т ы р ы п) б а ғ а л а у д ы ;
шикізат, материалдар рыноктарын және жобаның жұмыс істеуімен
байланысты өндірістің басқа факторларын талдауды бағалауды;
жобаны іске асыру шеңберінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен
қызметтердің бағаларын талдауды бағалауды;
тәуекелдің негізгі факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен
ауқымын, тәуекелдерді азайту жөніндегі болжамды іс-шараларды айқындайтын
коммерциялық тәуекелдерді бағалауды;
бөлім бойынша ескертулерді қамтуға тиіс.

9. Техника-технологиялық шешімдерді бағалау:
шикізат көздері мен жеткізушілеріне, өнім мен қызметтерді тұтынушыларға,
көліктік магистральдарға жақындығына, географиялық ерекшелігіне, баламалы
нұсқаларға қатысты бағалауды көрсете отырып, орналасатын жерді таңдауды
б а ғ а л а у д ы ;
жобалық қуатының, жобалық қуаттарды игеру серпінінің есептік негіздемесін
қамтитын жобаның ауқымын бағалауды;
жобаны және оның баламалы нұсқаларын іске асыру схемасын бағалауды;
әлемдік стандарттарға сәйкестігін, қолданылып жүрген жабдықпен
технологиялық сәйкестігін, баламалы нұсқаларын айқындайтын жабдықты
т а ң д а у д ы б а ғ а л а у д ы ;
жобаның (бағдарламаның) құрамдауыштарын, іске асыру кестесін (

технологиялық кезеңдерін);

тәуекелдің негізгі факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымын, тәуекелдерді азайту жөніндегі болжамды іс-шараларды қамтитын техника-технологиялық тәуекелдерді бағалауды; бөлім бойынша ескертулерді қамтуға тиіс.

10. Жобаны (бағдарламаны) экологиялық бағалау:

экологиялық нұқсанды бағалауды, зиянды әсерін азайту жөніндегі болжамды іс-шараларды, жоба технологиясының қазақстандық және халықаралық стандарттарға сәйкестігін бағалауды қамтитын жобаның қоршаған ортаның жай-күйіне әсерін бағалауды;

тәуекелдің негізгі факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымын, тәуекелдерді азайту жөніндегі болжамды іс-шараларды қамтитын экологиялық тәуекелдерді бағалауды; бөлім бойынша ескертулерді қамтуға тиіс.

11. Жобаны (бағдарламаны) институционалдық бағалау:

жобаны (бағдарламаны) іске асыру схемасын, функцияларды, шығындар мен пайданы, жауапкершілікті жобаға қатысушылар арасында бөлуді қамтитын жобаны (бағдарламаны) іске асырудың институционалдық схемасын бағалауды;

тәуекелдің негізгі факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымын, тәуекелдерді азайту жөніндегі болжамды іс-шараларды айқындайтын институционалдық тәуекелдерді бағалауды; бөлім бойынша ескертулерді қамтуға тиіс.

12. Жобаны қаржылық бағалау:

жалпы инвестициялық шығыстардың есептелуін бағалауды; пайдалану шығыстарының есептелуін бағалауды;

қаржыландыру схемасын, оның ішінде жоба (бағдарлама) кезеңдері бойынша бағалауды (қаржыландыру шарттары, көздері, қаржы қаражатын қажет ету); өнімнің өзіндік құнының есептелуін бағалауды;

ақша қаражаты ағынының жиынтық есебін, жобаны қаржылық бағалаудың қарапайым әдістерінің көмегімен талдауды, өтелу мерзімін, қарапайым пайда нормасын, берешекті жабу коэффициентін есептеуді, дисконттау әдістерінің көмегімен талдауды, жобаның таза ағымдағы құнын, ішкі өтелу нормасын есептеуді, жобаны (бағдарламаны) дисконттау әдістерінің көмегімен талдауды - дисконтталған таза кірісті (NPV), табыстылықтың ішкі нормасын (IRR), дисконтталатын пайда мен шығындардың қатынасын (B/C), дисконтталған өтелу мерзімін есептеуді қамтитын қаржылық тиімділік көрсеткіштерінің есептелуін

бағалауды ;

жобаның сезімталдығын және зиянсыздығын талдауды қамтитын белгісіздік жағдайларындағы талдауды ;

тәуекелдің негізгі факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымын, тәуекелдерді азайту жөніндегі болжамды іс-шараларды айқындайтын қаржылық тәуекелдерді бағалауды ;
бөлім бойынша ескертулерді қамтуға тиіс.

13. Жобаны экономикалық бағалау:
экономикалық ахуалды жобамен (бағдарламамен) және жобасыз талдауды; нәтижелерді, салдарлар мен әсерлерді талдауды, шығындардың тиімділігін талдауды және өлшенбейтін түсімдерді, өсірілген түсімдер мен шығындарды, тұтынушының қосымша түсімдерін, қайтымсыз шығасыларды, жобаның сыртқы тиімділігін, халықаралық тиімділігін қамтитын экономикалық түсімдер мен шығындарды бағалауды ;
ең аз шығындарды талдауды (баламалы нұсқалар);
экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің, оның ішінде экономикалық дисконтталған таза кірістің (ENPV) және экономикалық ішкі пайда нормасының (E I R R) есебін ;
сезімталдығын бағалауды ;
бөлім бойынша ескертулерді қамтуға тиіс.

14. Жобаны әлеуметтік бағалау:
қажетті біліктілігі бар еңбек ресурстарымен нақты қамтамасыз етілуін талдауды және жұмысшылар мен мамандарды оқыту және қайта даярлау бағдарламаларын іске асыру қажеттігін қоса алғанда, еңбек ресурстарының қажеттілігін айқындауды ;
жобаны (бағдарламаны) іске асырудың әлеуметтік маңызы, оның ішінде демографиялық көрсеткіштерді, халықтың кірістерін, жұмыспен қамтылу деңгейін, білім деңгейінің жоғарылауына әсерін және т.б. айқындауды;
тәуекелдің негізгі факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымын, тәуекелдерді азайту жөніндегі болжамды іс-шараларды айқындайтын әлеуметтік тәуекелдерді бағалауды ;
бөлім бойынша ескертулерді қамтуға тиіс.

15. Қорытындылар мен ұсынымдар жоба бойынша қысқаша қорытындыны, жоба бойынша негізгі жетістіктерді, кемшіліктерді, сондай-ақ жобаның оң немесе теріс баға алуын немесе одан әрі пысықтау қажеттілігін, тәуелсіз сараптама жүргізілуін айқындайтын ақтық қорытындыларды қамтуға тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК